



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 9 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І  
2010 жылғы 4 мамыр**

**Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық  
университетінің жанындағы Іскерлік Басқару  
Магистрі (МВА) бағдарламасы бойынша  
Магистратура туралы**

Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің жанындағы «Іскерлік Басқару Магистрі (МВА)» бағдарламасы бойынша Магистратура (бұдан әрі – МВА бағдарламасы бойынша Магистратура) – Қазақстан Ұлттық Банкі мен Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің бірлескен жобасы – мемлекеттік қаржы институттары мен қаржы нарығы үшін кадрлар дайындауды жүзеге асырады. Магистрлік дайындау «Сертификатталған халықаралық қаржы талдаушысы» (CFA), сертификатталған актуарий, Financial Risk Manager (FRM®), Professional Risk Manager (PRM®) халықаралық мамандықтардың стандарттарын есепке ала отырып әзірленген, жұмыс берушілермен келісілген оқу жоспарлары бойынша жүзеге асырылады және Ұлттық Банктің, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің және қаржы нарығының басқа қатысушыларының маман-практиктерінің қатысуымен іске асырылады. Магистратураның «Актуарий» мамандығы бойынша түлектері дипломмен қатар Қазақстанның сақтандыру нарығында актуарлық қызмет жүргізу құқығын беретін лицензия алады.

Мастер-кластар мен оқу сабақтарын Қазақстандағы ең үздік қаржыгерлер өткізеді, мәселен пәндердің 80 %-н Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің, Қазақстан Қаржыгерлері Қауымдастығының, Актуарийлер қоғамының, екінші деңгейдегі банктердің, зейнетақы қорларының, сақтандыру компанияларының маман-практиктері жүргізеді.

Қазіргі уақытта қаржыгерден қаржы нарығының жұмыс істеу заңдарын терең түсіну, заманауи қаржы құралдарын пайдалана білу және, соның негізінде, қаржы активтерін тиімді басқара алу талап етіледі. МВА бағдарламасы бойынша Магистратурада оқу қаржы нарықтары туралы іргелі білім алып қана қоймай, талдау және математикалық модельдеу құралдарын қолдана білуге, топтасып жұмыс істеу және дербес әрі кәсіби этика нормаларын сақтау дағдысын дамытуға мүмкіндік береді.

МВА бағдарламасы бойынша Магистратурада Ұлттық Банк қаражаты есебінен тегін оқуға мүмкіндік бар, ондағы мақсат терең қаржылық білім алуға және Қазақстанның қаржы секторында мансабын көтеруге талпынған дарынды жастарға көмек көрсету.

МВА бағдарламасы бойынша Магистратурада оқыту күндізгі нысанда жүргізіледі, бұл оқу үдерісіне «толықтай зейін қоюға» мүмкіндік береді.

МВА бағдарламасы бойынша Магистратура жұмыс істеген жеті жыл ішінде 285 адам оқып шықты, олардың 27%-ы Ұлттық Банкке, 35%-ы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігіне, 38 %-ы екінші деңгейдегі банктерге, сақтандыру компанияларына және басқа да қаржы ұйымдарына жұмысқа қабылданды.

МВА бағдарламасы бойынша Магистратураның миссиясы – жаңа басқарушылық философия негізінде кәсіби менеджерлердің жаңа түрін қалыптастыру.

Қаржы нарығы үшін мамандар дайындауды одан әрі дамытуға көмек көрсету мақсатында Магистратураның Қамқоршы Кеңесі құрылды, оның құрамына Ұлттық Банктің, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің, Қазақстан Қаржыгерлері Қауымдастығының өкілдері кіреді.

Барлық қызығушылық тудыратын мәселелер мен қосымша ақпарат үшін: 8 (727) 255 11 79, 8 (727) 299 51 62, 8 (727) 299 51 59 телефондарына

немесе мына мекенжай бойынша: 050035, Алматы қ., Жандосов к-сі, 55 хабарласуларыңызды сұраймыз.

E-mail: [info@magi.kz](mailto:info@magi.kz).

Сайт: [www.finmba.kz](http://www.finmba.kz).